

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртін сақтау мен сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың ережесі мен шарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілде N 1195. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1258 қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 маусымдағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртін сақтау мен сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау пен көтерме сатуды лицензиялаудың қоса беріліп отырған ережесі мен шарттары бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. Атауы мен 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. Р990031_

2. Лицензиаттар - этил спирті мен алкогольді өнімдер өндірушілер 1998 жылдың 30 сәуіріне дейін қызметтің лицензияланатын түрлерінің шарттарын біліктілік талаптарына сәйкес келтірсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 39

қаулысымен.

Р980039_

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі алкоголь өнімін сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың біліктілік талаптары жөніндегі нормативтік құжаттардың тізбесін даярлап, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне жіберсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Үкіметінің
1997 жылғы 31 шілдедегі
N 1195 қаулысымен
бекітілген

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртінің сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың ережесі мен шарттары

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

I. Жалпы ережелер

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртінің сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың ережесі мен шарттары "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ және "Қазақстан Республикасында этил спирті және алкоголь өнімін өндіруді, импорттау мен сатуды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 14 ақпандағы N 217 P970217_ қаулыларына сәйкес әзірленді, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31
қаулысымен. P990031_

2. Осы Ереже заңды және жеке тұлғаларға этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртінің сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатумен байланысты лицензиялық қызметпен

айналысу құқығына лицензиялар берудің ережелерін белгілейді.

2-1. Сауда алаңдары мен залдарын пайдалануды көздемейтін тауар

қоймаларынан жүргізілетін сату, айырбастау, тегін беру, сондай-ақ кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне беру мақсатында көлемі шектелместен еркін тиеп-жөнелту алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) көтерме сату болып табылады және оны қайта сатуды көздейтін.

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 577 қаулысымен.

P980577_

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

3. Лицензия (патент) әрбір қызмет түріне беріледі.

Қызмет түрлері:

этил спиртіні өндіру;

алкоголь өнімін өндіру;

этил спиртіні сақтау мен сату;

алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сату.

2. Лицензия берудің тәртібі

4. Лицензия (патент) алу үшін мынадай құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген үлгідегі өтініш;

мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі - заңды тұлғалар үшін;

өтініш берушінің лицензияланатын қызмет түрлері үшін қойылатын біліктілік деңгейі мен талаптарына сай екенін растайтын құжаттар;

санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы;
лицензиялық алымға ақы төленгенін растайтын құжат;
экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы - этил спирті мен
алкогольді өнімдерді өндіруге лицензия алу үшін;
жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы
к у ә л і г і н і ң к ө ш і р м е с і .

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ сөздер мен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.01.27.

№ 39 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19.

№ 31 қаулысымен. Р990031_

5. Лицензиялық алымның мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі
белгілеген тәртіп бойынша айқындалады.

6. Лицензия (патент) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан
бойынша ресімделеді және ол қатаң есептілік құжаты болып табылады.

Лицензиялардың (патенттердің) бланкілерін есепке алу мен сақтау уәкілетті
мемлекеттік органға (лицензиарға) жүктеледі.

7. Филиалдарда, өкілдіктерде, басқа да аумақтық оқшауландырылған
объектілерде қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асырған жағдайда өтінім
жасаушы әр филиалға, өкілдікке, объектіге осы Ереженің 4-тармағының төртінші
, бесінші және жетінші абзацтарында айтылған құжаттарды ұсынады.

Лицензияға өтінім беруші қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге

асыратын әр филиал, өкілдік, объекті туралы мәлімет кіргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1999.01.19. № 31

қаулысымен.

Р990031_

8.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. № 31

қаулысымен.

Р990031_

9. Лицензия (патент) беру туралы шешім барлық қажетті құжаттарымен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай ішінде ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешіктірмей қабылданады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

10. Лицензия (патент) бір данада ресімделеді, жоғалған жағдайда жаңартылмай, белгіленген тәртіп бойынша қайта беріледі.

11. Лицензияға (патентке) лицензиялау органының басшысы не осыған уәкілетті адам қол қояды және ол лицензиардың мөрімен куәландырылады.

III. Лицензиаттың құқықтары мен міндеттері

12. Лицензиаттың:

лицензияның (патенттің) күшін кідірту, уақытша тоқтату немесе оны кері қайтарып алу мәселелері жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензиар осы материалдарды қараған кезде қатысуға;

лицензия (патент) беруден бас тартуға, сот тәртібімен бір ай мерзім ішінде шағымдануға;

лицензияның (патент) күшін сот тәртібімен уақытша тоқтатуға, шағымдануға құқығы бар.

13. Лицензиат:

санитарлық, экологиялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және басқа да қолданылып жүрген заңдарды сақтауға;

осы Ережеде лицензиатқа қойылған талаптарды сақтауға; алкоголь өнімін өндіру кезінде тек тамақтық шикізаттан алынған этил спиртін қолдануға;

этил спиртін сатып алушы алкоголь өнімін, емдік және фармацевтік дәрі-дәрмектер өндіруге алған лицензиясын немесе этил спиртін сақтауға және

сату құқығына лицензиясын көрсеткенде ғана сатуға;
емдеу және фармацевтік дәрі-дәрмектер дайындау үшін мемлекеттік медициналық мекемелерге акциздер төлеместен этил спирті құжаттармен расталған, бөлінген квотаға сәйкес ғана сатылады;
берушілер мен тұтынушыларға шағып, тиісті журналдық есеп жүргізуге;
белгіленген үлгіге сәйкес сертификаты жоқ, міндетті сертификаттауға жататын, сондай-ақ белгіленген тәртіппен таңбалауға жататын, акциздік алым маркілерінсіз тауарларды сатпауға;
тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) қауіпсіздігін бақылайтын орган оларды айналымнан алу туралы шешім жариялаған жағдайда тауарларды сатуды дереу тоқтатуға міндетті;
этил спирті мемлекеттік медициналық мекемелерге емдеу және фармацевтік дәрі-дәрмектер дайындау үшін акциздер төлеу арқылы белгіленген квотадан а р т ы қ с а т у ;

этил спирті алкогольді емес өнімдерді дайындау кезінде технологиялық процестерге пайдалану үшін тек лицензиардың рұқсатымен ғана сатылады;
алкогольді өнім (сырадан басқа) сатып алушы уәкілетті мемлекеттік орган берген алкогольді өнімдерді сақтауға және көтерме сатуға арналған лицензиясын немесе бөлшек сауданы жүзеге асыруға арналған рұқсатын және жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті көрсеткен кезде ғана сатылады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. P990031_

IV. Лицензиаттың жауапкершілігі және лицензиялық алымның төленуіне бақылау жасау

14. Өтініш беруші лицензия (патент) алу үшін, өзі ұсынған құжаттардың сенімділігі үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

15. Лицензиат қызметті лицензиясыз (патентсіз) жүзеге асырғаны үшін белгіленген тәртіппен жауап береді.

Лицензиялық тәртіп белгіленген, лицензиясыз (патентсіз) қызметті жүзеге асырудан алынған табыс уәкілетті мемлекеттік органдардың талап қоюы бойынша тиісті бюджетке алынуға жатады, заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

16. Лицензиялық алымның бюджетке толық және уақтылы төленуіне бақылауды салық қызметі органдары жүзеге асырады.

V. Лицензияларды есепке алу және
лицензияланатын қызметке бақылау жасау

17. Лицензияларды (патенттерді) есепке алу және лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау лицензиарға жүктеледі.

18. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау мыналарды қамтиды:

қызметтің лицензияланатын қызметтің бұл түріне қойылатын талаптарға сай келуін тексеру;

лицензиаттың лицензияда көрсетілген қызмет түрімен айналысуын тексеру;

этил спирті мен алкоголь өнімі айналымын есепке алудың жай-күйін және оның қойылатын талаптарға сәйкестігін растауды тексеру.

19. Бақылау лицензиардың бастамашылығымен, мерзімділікті және лицензияланатын субъектілерді тексерудің қамтылуын көздейтін өзі бекіткен күнтізбелік жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

20. Тәртіп бұзушылықтар туралы ақпарат түскен жағдайда жоспардан тыс тексерулер болуы мүмкін.

21. Тексерудің нәтижелері, нысанын лицензиар бекітетін актімен ресімделеді.

VI. Лицензия беруден бас тарту, оның күшін тоқтату,
кері қайтарып алу және уақытша тоқтату

22. Егер:

лицензиялауға қажетті барлық құжаттар ұсынылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады; лицензия бергені үшін алым немесе патент үшін ақысы төленбесе; өтініш беруші белгіленген біліктілік талаптарына сай болмаса;

өтініш берушіге қатысты оған бұл қызмет түрімен айналысуға тыйым салған сот шешімі болса;

заң актілерімен белгілеген өзге жағдайларда лицензия (патент) берілмейді.

23. Мына себептермен:

өтініш берушіге лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын беру орынсыз деп;

нарық өндіруге не сатуға лицензия (патент) қажет етілетін тауарлармен (жұмыстармен, қызмет көрсетулермен) молыққан;

нарықта монополиялық жағдай қамтамасыз етілген;

өтініш берушінің жеке басының қасиеттері мен іскерлік беделі күмәнді, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бұрынғы тыйым салулар бойынша сотталуы, егер мұндай тыйым салулар мен кері қайтарулар заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес өз күшін жоғалтты

(өтелсе) деп саналғанда бұрынғы лицензияларды (патенттер) кері қайтарылды деген себептермен лицензия (патент) беруден бас тартуға тыйым салынады.

24. Лицензия (патент) беруден бас тарту туралы хабарлама бас тарту себептері көрсетіле отырып, субъектіге жазбаша түрде, қолы қойылып, тапсырылады немесе лицензия беру үшін белгіленген мерзімде почтамен, хабарын алатын етіп жіберіледі.

25. Лицензия (патент) тек мына:

лицензия (патент) берілген мерзім аяқталғанда;

лицензия (патент) берілген іс-әрекет толық көлемде орындалғанда;

лицензия (патент) кері қайтарылып алынғанда;

жеке тұлға кәсіпкерлік қызметін тоқтатқанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда ғана өз күшін тоқтатады.

26. Лицензияның (патенттің); күшін тоқтатуға байланысты дауларды сот шешеді.

27. Заң актілерінде өзгеше көзделмесе, лицензия (патент) мынадай жағдайларда:

лицензиат лицензиядағы (патенттегі) талаптарды орындамағанда;

лицензиар лицензияның (патенттің) күшін тоқтатқан себептердің жойылмауы;

лицензиаттың лицензия (патент) алған қызмет түрімен айналысуға сот тыйым салғанда лицензия сот тәртібімен кері қайтарылып алынады.

28. Лицензиаттың лицензия ережелерін орындамағандығы лицензиар немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін тексеру арқылы анықталады.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

P990031_

29. Лицензиат лицензия талаптарын орындамаған жағдайда лицензиар лицензияның (патенттің) күшін алты ай мерзімге дейін тоқтатуға құқылы.

30. Лицензияның (патенттің) күшін тоқтата тұру туралы мәселені қарау тексеру нәтижелері бойынша, лицензиардың қатысуымен жүргізіледі.

31. Лицензияның (патенттің) күшін тоқтата тұру туралы мәселенің қаралатын күні мен орны туралы лицензиатқа қолын қойғызып немесе почта арқылы хабарламамен (хабар алынып) айтылады.

32. Лицензиат жазбаша түрдегі қайта шақырудан кейін келмеген жағдайда лицензияның (патенттің) күшін тоқтата тұру туралы шешімді лицензиар оның қ а т ы с у ы н с ы з қ а б ы л д а й д ы .

3 3 .

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ алып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. P990031_

34. Лицензиардың лицензияның (патенттің) күшін тоқтата тұру

туралы шешімі лицензиатқа қолы қойылып тапсырылады не оған почта арқылы хабарлама (хабар алынып) жіберіледі.

35. Лицензиат лицензияның (патенттің) күші тоқтатылған себептерді жойғаннан кейін, лицензияның (патенттің) күші қайта жаңартылады, бұл туралы лицензиат қолы қойылып жазбаша түрде не почта арқылы хабарлама (хабар алынып) жібереді.

36. Лицензиар лицензияның (патенттің) күшін жаңарту туралы шешімді тексеру жүргізгеннен кейін қабылдайды.

37.

P990031_

VII. Лицензиялық қызмет түрі бойынша лицензиялау субъектісіне қойылатын біліктілік талаптары

38. Лицензияланатын қызметпен айналысу құқығына лицензия (патент) біліктілік деңгейі бұл қызмет түрі үшін қойылатын талаптарға сай келетін субъектіге беріледі.

39. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге лицензиялар (патенттер) мыналар :

этил спирті мен алкоголь өнімін (шарап пен сырадан басқа) жылына кемінде 200 мың дал көлемінде өндіру мүмкіндігі;

белгіленген тәртіппен сертификатталған технологиялық және көмекші жабдықтар ;

лицензиар пломбылаған және белгіленген талаптарды қанағаттандыратын спирт өлшейтін аппараттар (этил спиртіні өндіру кезінде) және көлемді есептейтін приборлар (алкогольді өнімдер өндіру кезінде);

өнім өндіру мен оның сапасын химиялық және технологиялық бақылау жөніндегі сынақ лабораториялары өтініш берушіге аттестацияланған;

қызмет аясында нормативтік құқықтық актілер мен техникалық құжаттамалар ;

этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін химиялық, технологиялық және микробиологиялық бақылау, сондай-ақ олардың өндірісі мен айналымын бастапқы және бухгалтерлік есепке алу журналдары;

нормативтік және техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес өндірістік жұмысын қамтамасыз ететін тұрақты коммуникациялары - сумен, бумен, мұздатумен, электр жабдықтау және канализация қызметі; таразы және өлшеу шаруашылығы;

нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкес этил спирті мен алкоголь өнімін, өндірістің жолай өнімдерін, шикізатты, көмекші материалдарды, ыдыстарты сақтаудың белгіленген жағдайлары;

өндірістік және сынақ лабораторияларын өлшеу құралдарымен

метрологиялық

қамтамасыз

ету;

жабдық ерекшеліктері бар аппараттық-технологиялық өндіріс схемасы жабдықтарды орналастырудың жинақтау жоспары болғанда беріледі.

ЕСКЕРТУ. 39-тармақтың 4 абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің
1998.01.27. N 39 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 39-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31
қаулысымен. P 9 9 0 0 3 1 _

39-1. Этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге арналған лицензия өзінің өндірістік үй-жайы, құю желісі және этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру үшін қажетті өзге де технологиялық жабдықтары бар ұйымдарға беріледі. Көрсетілген мекен-жайлар мен жабдықтарды жалдау қатынастарымен байланысты қызметті лицензиялауға жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 39-1 тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31
қаулысымен. P 9 9 0 0 3 1 _

40. Этил спиртін сақтау мен сатуға, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуға лицензиялар (патенттер) мыналар:
ү й - ж а й л а р ;

негізгі - тауарларды сақтауға, қабылдау мен босатуға арналған, қабылдап-ашу ,
буып-түю, автомобильдің және/немесе темір жолдың келу орны;

көмекші - ыдыс сақтауға арналған жөндеу шеберханалары, тауар үлгілері және тауар сату бөлмелері, өнім сапасын тексеретін лабораториялар (этил спиртін сақтау және сату кезінде) және сертификатталған лабораториямен сатып алынатын және сатылатын өнімдердің сапасына (алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату кезінде) бақылау жасауды жүзеге асыруға
а р н а л ғ а н ш а р т ;

- инженерлік-техникалық - желдеткіш камералары, қазандықтар, шаруашылық мүкаммалы мен жабдықтарын сақтауға арналған, көтеру-көліктік механизмдерінің тұрағына арналған күзет және өрттен сақтау қызметтеріне
а р н а л ғ а н ;

кәсіпорынның материалдық-техникалық базасының: коммуникация жүйелері - суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, жылу беру, электрмен
ж а б д ы қ т а у , ж е л д е т к і ш ;

өртке қарсы қондырғылардың, күзеттік дабыл белгілерінің, қойма, көтеру-көлік, бақылау-өлшеу аспаптарының тиісті техникалық жағдайы;

тұтынушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету мақсатында, этил спиртін сақтаумен және сатумен, алкоголь өнімдерін сақтаумен, көтерме сатумен айналысатын кәсіпорынның қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер және техникалық құжаттама (

санитарлық нормалар мен ережелер, ГОСТ-тар, алкоголь ішімдіктері мен сыраның бөлшек саудасының ережелері, өрт қауіпсіздігінің, қоршаған ортаны қорғаудың нормалары мен ережелері және т.б.);

сатып алынатын және сатылатын өнімнің сапасын бақылаудың тиісті жүйесі; этил спирті мен алкоголь өнімдерінің айналымына бастапқы және бухгалтерлік есеп жүргізу болғанда, беріледі.

ЕСКЕРТУ. 40 тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. Р990031_

40-1. Алкогольді өнімді (сырадан басқа) сақтауға және көтерме сатуға лицензиялар 40-тармақта көзделген талаптардан басқа:

шығындары және салықтар мен басқа да қаржылық міндеттемелері бойынша мемлекеттің алдында берешегі болмаған;

сауда-делдалдық қызмет саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болған кезде беріледі.

ЕСКЕРТУ. 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 577 қаулысымен. Р980577_

41. Этил спиртіні сатуға, аталған өнімді сақтау сатысын көздемейтін (көтерме сату жөніндегі операциялардағы сауда-делдалдық қызмет) алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) көтерме сатуға лицензиялар беруге аталған Ереженің 40-тармағында көрсетілген мекен-жайлардың, техникалық және метрологиялық қамтамасыз етудің тиісті құрамы болмастан рұқсат етілген көлемнің, салмақтың немесе мөлшердің шегінде белгілі бір шаруашылық операцияларын жасауға жол беріледі. Бұл жағдайда 4-тармақтың төртінші және жетінші абзацтарында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

ЕСКЕРТУ. 41 тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. Р990031_